

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медиадағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медиадағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймуллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

знании, экономике, образовании : материалы II Междунар. науч.-практ. конф., 13—14 нояб. 2008 г., Минск / ред. совет : А. В. Рубанов (пред.) [и др.]. – Минск : Изд. центр БГУ, 2008 . – с. 61-63.

5. Е.Л. Вартанова. Глобализация СМИ и масс-медиа России. Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика, (4):9–25, 2005

6. Засурский Я.Н. Информационное общество и СМИ // Медиаскоп. 20.09.2006 г.

7. Мельник Г.С., Тепляшина А.Н. Актуальные проблемы современности и журналистика // Массмедиа в условиях глобализации: Взаимосвязь глобализации, глобализма и трансформации. - СПб., 2005.

8. Оганесова Ю. А. Проблема качества программ культурно-просветительской тематики для молодежи Актуальные проблемы аудиовизуальных СМИ: сборник статей / Ред.-сост. А. М. Шестерина. – Воронеж: Изд-во факультета журналистики ВГУ, 2016. – 230 с.

9. Семенов Евгений Евгеньевич Информационная глобализация и ее влияние на трансформацию социальных связей в современном мире // Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. 2010. №1. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/informatsionnaya-globalizatsiya-i-ee-vliyanie-na-transformatsiyu-sotsialnyh-svyazey-v-sovremennom-mire> (дата обращения: 01.11.2023).

ЖАҢААРҚАЛЫҚ ПРОФЕССОРДЫҢ ДАНАЛЫҚ ШУАҒЫ

Ұлбосын Есенбекова,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Дүниені тұлпар тұяғының дүрсілімен оятқан сақтар мен ғұндардан бастау алып, Көк бөріні ту етіп көтерген Түркілердің мұрагері деп танылған қазақ халқының ғасырлардан бері иемденіп келе жатқан сар даласының қасиетті тау-тасы мен аймақтары талай құпияны әлі де қойнынан шығармай келеді. Шежіре мен сырға тұнған киелі Маңғыстау, Жетісу мен Шығыс Қазақстанның қатарында тарих самалымен желпіген Сарыарқаның оңтүстігін алып жатқан Жаңаарқаның да аты өзгеше аталады. Атағы әлемге таралған академик Әлкей Марғұлан Жаңаарқада орналасқан қазіргі Мыңбай сайы – Атасу қонысын – Орталық Қазақстандағы ежелгі ірі қоныс екенін дәлелдеп, әлем тарихына Атасу мәдениеті деген ұғым енгізді.

Қазақ үшін Жаңаарқа даралар мен даналар шыққан алтын бесік, киелі орда. Ұлт шежіресіне аттары алтын әріптермен жазылған талай тұлға осы

қасиетті Жаңаарқа өлкесінде туып өскен. Қазақтың талантты ұлдары мен қыздарының үлкен шоғырында Жаңаарқадан шыққан ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің ауыр жүгін арқалаған кең пейілді, еңбексүйгіш әрі намысшыл өкілдер аз емес.

XVIII ғасырда Абылай ханның ақылгөйлерінің бірі болған арқаның жаңа даласынан шыққан Байдалы бидің, одан бергі кемеңгерлердің ізін жалғаған мемлекет және қоғам қайраткерлері Сәкен Сейфуллин мен Жанайдар Сәдуақастың Қазақ Еліне сіңірген еңбектерін халқымыз есінде сақтап келеді.

Жаңа дәуірде жастарға отбасылық өмірдің өнегесі болған, жұптары жазылмаған академиктер Серік Қирабаев пен Әлия Бейсенова, ғалымдар мен ақын-жазушылар Хангелді Әбжанов, Ісләм Жарылғапов, Ақселеу Сейдімбек, Ғалым Жайлыбаев, Алдан Смайыловтар да қасиет тұнған Жаңаарқа топырағында дүние есігін ашқан. Қазақтың мәдениеті мен ән-күй өнерінде бірегей тұлғалар ретінде қолтаңбаларын қалдырған Қайрат Байбосынов, Ахат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов, Аманжол Әлтаев сынды жаңаарқалықтардың есімдері ұлттық өнер шежіресіне жазылған.

Жаңаарқадан түлеп ұшқан сұңқарлар мен қазақ даласына тараған дүлдүлдер туралы ұзақ айтуға болады. Жібектей төсеніш болған туған жердің тау менен тасын, сусынын қандырған мөлдір бұлағын қадірлеген ежелгі ұрпақтың бүгінгі өкілдері де Жаңаарқаны «ат байлар атамекеніміз, ардақ тұтар қасиетті қонысымыз» деп абырой мен алдаспан намыстан, текті мінезден бір елі ажырамай келеді.

Бүгінгі қадірлі замандастарымыз бен сыйлы аға-апаларымыздың қатарында да «жаңаарқалық қасиетті» бойына сіңірген көпшіл, өршіл, сыршыл тұлғалар аз емес. Астананың басты ғылыми ордасының төрінде 70-жылдық мерейтойын атап өтіп отырған елімізге белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, өзіміздің құрметтеп, сыйлайтын апамыз Сәуле Есембекқызы Тапанова да Жаңаарқа төсінде дүниеге келген өнегесі мол тұлға.

Соғыстан кейін еліміз есін енді жинай бастаған 1953 жылы қазіргі Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында өмірге келген Сәуле Есембекқызы 17 жасында Сейфуллин атындағы қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Ебіней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтап, еңбек жолын облыстық «Жезқазған туы» газетінде бастайды.

Өмірлік кәсіп пен мамандық таңдауда болашақ ғалымға ата-ананың да ықпалы аз болмағаны анық. Есембек атамыз ел арасында білімді, сыйлы азамат болған. Есембек Тапанов 40 жыл бойы Жаңаарқаның №164 мектебінің басшысы болып қызмет етсе, кейіпкеріміздің анасы Кенеш Байдулатова соғыс жылдары еңбекке ерте араласып, ауылдық кеңестің басшысы, партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарған. Сәуле Есембекқызы берекесі ортаймаған отбасында бір ұл, төрт қыз болып тай-құлындай ойнақтап өседі. Үйдің тұңғышы Балтабай ағасына арқа сүйеген қыздың үлкені Сәуле

Есембекқызы Зәуре, Қымбат және Анар есімді үш сіндісіне өзі қамқорлық жасайды.

XX-шы ғасырдың 70-ші жылдары Жезқазған өңіріндегі өнеркәсіптің жылдам дамуы әлеуметтік сала кадрларын даярлаудың қажеттілігін туғызып, аймақтағы экономиканың дамуына байланысты педагогикалық кадрларды даярлау өзекті мәселеге айналады. Осылайша 1975 жылы Жезқазған педагогикалық институты құрылады. Ең алғаш болып Филология және Физика-математика факультеттері ашылады. Дәл осы жылы ғылымға бейімі бар жас маман Сәуле Есембекқызы Тапанованы жоғары оқу орнының басшылығы ғылыми қызметке шақырады. Сәуле Есембекқызы институттың Филология факультетінің педагогика және психология кафедрасында ғылыми-оқытушылық қызметін оқытушы болып бастайды. Жаңашылдыққа құштар, өзін дамытуға ұмтылысы ерекше жас маманды институт басшылығы 1988 жылы арнайы жолдамамен Мәскеудегі Педагогика ғылымдары академиясының жанындағы Бүкілодақтық ғылыми-педагогикалық кадрларды қайта даярлау және білімін жетілдіру институтына жібереді.

Бүгінде аса беделді Ресей Білім академиясы Сәуле Есембекқызы бітірген сол кездегі одақтық Педагогикалық ғылымдар академиясының құқықтық мирасқоры саналады. Осындай жоғары дәрежелі оқу орнында білімін шыңдаған жас ғалымның келесі ғылыми қызметі Жезқазған университетінің Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасында алғашында аға оқытушы, одан кейін доцент және профессор лауазымдарымен жалғасады. 10 жыл бойы кафедраның меңгерушісі қызметін атқарған профессор Сәуле Тапанова 2010 жылы қазақ көші тұрақтаған Астанаға келіп, Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультеті Баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры қызметіне ауысады.

Ұлттық университетке қызметке келген профессор Сәуле Тапанованың жаңа ғылыми ізденістері осы кезеңнен басталды. Ғылыми зерттеулерінің басты бағыты қазақ тілі мен әдебиеті болған профессор енді жаңа дәуір журналистикасы, журналистика пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру, шешендік өнер мен бұқаралық медианың тілі мен стилі, тіл мәдениеті мен тілдік нормалардың сақталуы сияқты өзекті проблемалық түйіндерді шешуге белсене кіріседі.

Негізгі оқытушылық қызметімен қоса ғылыми ізденістерге, сараптамалық жұмыстарға да күш-жігерін аямайды. Ұзақ жылдар бойы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде құрылған профессор-оқытушылардың Оқу-әдістемелік жұмыстарына сараптама жүргізу Комиссиясында, Республикалық «Оқулық» ғылыми-практикалық орталығында, «Астана дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығында сараптамалық жұмыстарға қатысты.

Профессор зерттеулерінің тағы бір ғылыми тақырыбы қоғаммен байланыс теориясындағы ұлттық сипаттардың ескерілуіне қатысты болды. 2013 жылдың маусым айында Ұлыбританияның Борнмут университетінде өткен қоғаммен байланыстың (Public Relations) даму кезеңдеріне арналған

конференцияға қатысып өзінің тұжырымдарын «Қазақстандағы саяси PR және жарнама» атты тақырыпта таныстырды.

Заманауи тілмен айтқанда креативті табиғаты мен өзін-өзі жетілдіруді мақсат етуі Сәуле Есембекқызын 2013 жылы Англияға, 2014 жылы Голландияға, 2017 жылы Франция мен Жапонияға іс-сапарларға баруға түрткі болды. Беделді шетелдік университеттердегі әріптестерінің ғылыми-зерттеулері мен оқу процесіндегі тәжірибесімен танысу, өзінің жиған тағылымын үйретуде профессор Тапанова жас ғалымдарға нағыз үлгі боларлық бірегей тұлға.

Ғылымның жолы қаншалықты мекнаты көп, ауыр жол екенін барша қауым жақсы біледі. Ал, ғылым жолын, шығармашылық жолды таңдаған әйел адамның мойнына артылатын жауапкершілік жүгінің салмағы одан да зор. Елдің, халықтың, отбасының тілеуін тілеп, жанкешті еңбек етуде қазақ әйелдерінің арасынан өнеге боларлық тұлғалар аз емес. Солардың қатарында мен Сәуле Есембекқызын да көремін.

Профессор Тапанованың ғылыми еңбектерінің тізімімен танысқан адамның таңданбасқа шарасы қалмайды. 50 жылға жуық өмірін қазақ ғылымының дамуына арнаған ғалымның тек ғылыми мақалаларының саны 300-ден асады. Бұдан бөлек профессордың ұзақ жылдарғы ізденісінен туындаған қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесіне арналған 3 ғылыми монография, қазақ әдебиетіндегі ақтандақтарға, әдебиет пәндерін оқытудың заманауи әдістеріне, реалистік әйел бейнесін жасау тәжірибесіне, тарихи романдардағы махаббат тақырыбына, шешендік өнерге арналған 6 оқулық және оқу құралын, қазақтың белгілі ақын-жазушыларының шығармаларын оқытуға, журналистикадағы шешендік өнерге, медианың тілі мен стиліне арналған 8 оқу-әдістемелік құралдарын атауға болады.

Бұл ғылыми еңбектердің барлығы да отандық университеттерде оқу процесінде қолданылып жүрген танымал оқу әдебиеттерінің қатарына қосылған. Профессордың мақалалары тек қазақстандық емес сонымен бірге Ресей, Франция, Польша мен Австрия, Қытай, Үндістан мен Түркия елдерінің ғылыми басылымдарында жарияланып жүр.

Осыншалық ғылыми еңбекті жазуға қанша уақыт керектігін қолына қалам ұстаған әріптестер жақсы біледі. Ғылымда өзінің ізін қалдыру, шәкірт тәрбиелеу үшін әйел затына ерекше қажыр-қайрат керек. Қазақ әйелінің өмірін, ыстығы мен суығын ғылыми әдістермен зерттеген Сәуле Есембекқызы осыншалық күш-жігерді қайдан алып келеді? Әрине, отбасының жылуынан, отағасының қолдауынан, балалары мен немере, шөбересінің адал, ыстық махаббатынан қуат алады.

Уақытты үнемі жоспарлап, отбасы мен ғылыми қызметті жүйелеп жүргізудің арқасында ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Осындай қасиеттердің барлығы адал жар, асыл ана, ардақты әже профессор Сәуле Есембекқызы Тапанованың бойынан табылады. Рамазан ағамыздың жауапты қызметтерін алаңдамай атқаруы, Руслан, Сағыныш пен Салтанаттың жақсы тәрбиесі, үлгілі азаматтар болып қалыптасуы – бәрінің жүгін Сәуле

Есембекқызының арқалағаны анық. Ата мен әже атанып, сегіз немеренің, бір шөберенің қуанышын бөліскен Рамазан ағамыз бен Сәуле Есембекқызының қазақтың берекелі әулеті болып қанат жайып, өсіп-өнуі соның дәлелі.

Әйел азаматтардың ғылыммен айналысу тиімділігін зерттеген америкалық ғалымдар қызықты жаңалық ашқан екен. Зерттеу жұмысында нәзік жандылардың отбасылық функциялары көп болған сайын олардың ғылымдағы нәтижелері де жоғары болатыны айтылған. Отбасында отағасының жағдайын жасау, балалар тәрбиесі әйелдің көп уақыты мен энергиясын алады. Ғылымға уақыт тапшы болған сайын әйелдердің ғылыми ізденістерінің пайдалы әсер коэффициенті өсетінін америкалық зерттеушілер нақты деректермен дәлелдеген.

Бұндай ғылыми гипотезаға Сәуле Есембекқызы сияқты ғалым апаларымыз дұрыс қарайтынына сенімдімін. Отбасылық, ғылыми қызметтегі міндеттер көп болған сайын уақытты дұрыс жұмсау дағдылары оңтайлы қалыптасады. Сондықтан ғылыммен айналысатын әйелдер үшін отбасы мен бала тәрбиесі, күнделікті отбасылық істер ғылыми нәтижеге кедергі болмауы тиіс.

Әйелдер мен қыздардың ғылымдағы орнына қатысты мәселелер әралуан қоғамдар мен мәдени орталарда әртүрлі шешіледі. Біріккен Ұлттар Ұйымы 2015 жылы әйелдер мен қыздардың ғылымға толық әрі тең қол жеткізуін қамтамасыз ету жөнінде арнайы қарар қабылдаған. Беделді халықаралық ұйымның шешімімен жыл сайын 11 ақпан – ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні ретінде аталып өтіп жүр. Ресми құжаттарға сәйкес, әлем елдеріндегі ғалымдардың 33%-ы ғана әйелдер екен. Бір қызығы, әлемдегі ең бай, экономикасы жақсы дамыған елдердің ғылым саласындағы әйелдердің үлесі дамушы елдермен салыстырғанда төмен болып шықты. Мысалы, ғылыммен айналысатын әйелдердің үлесі Мьянмада – 75,6%, Венесуэлада – 61,4%, Әзербайжанда – 59%-ды құраған. Экономикасы дамыған елдердің бірі Жапонияда әйелдер елдегі барлық ғалымдардың тек 17%-ын ғана құрайтыны анықталған.

Ғылым саласындағы әйелдердің үлесі, ғылымдағы гендерлік теңсіздік мәселелері қазақ қоғамында да өзекті саналғанымен қорытынды нәтижелер көңілге қонымды. Қазақ елінің ресми органдарының деректеріне сүйенсек, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қатысатын әйел ғалымдардың үлесі 54%-ды құрайды. Абсолюттік көрсеткіш бойынша бұл 10 мыңға жуық қазақстандық әйел ғылым саласында еңбек ететінін көрсетеді. Олардың ішінде, 714 әйел – ғылым докторы, 2427 – ғылым кандидаты, 1020 – PhD докторлары.

Ғылыми жұмысқа қазақ қыздары мен әйелдерінің келуіне, ғылыми қызметті насихаттауда Сәуле Есембекқызы да өмір бойы үлесін қосып келеді. Профессор Тапанова тек насихатпен ғана емес өзінің өмірлік тәжірибесі мен апалық өнегесі арқылы да жүздеген қазақ қызының ғылымды таңдауына себепкер болып жүрген ұстаз.

Қазақ әйелі қашаннан – қайраткер. Ол тұтастай әулеттің жүрегі ғана емес, елінің тірегі де бола білген. Сондықтан да, халқымыз әйел затын байлығым деп таныған, жеті қазынаның біріне балаған, береке, ырыс-құт санаған. Орта ғасырда Батыс әлемі әйелді бәле-жаланың бастауы деп, инквизиция заманында отқа өртеп жүрген кезде ата-бабамыз қызын оң жағына отырғызып, үкілеп, тіл-көзден қорғап, әулетінің ары деп санаған.

«Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман» деген екен Қорқыт бабамыз. Ұлттың ғасырлар бойы сақталып қалуына ұйытқы болған, қазақтың бар рухани байлығын бойына жинаған да, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген де аналар. Өйткені, дана халқымыз адал ана, рухы таза ару ғана елім дейтін өр мінезді ұрпақты өмірге әкеліп, тәрбиелей алатынын жақсы білген.

Бүгінгі ақпараты селдей болып аққан, технологияның әсерінен «жартыкеш тіл иелмендері» көбейген, жастарымыз смартфоннан көзін аудармайтын жаңа дәуірде ұлттық құндылықтарымыз гигабайт, террабайттардың астында қалмауы үшін Сәуле Есембекқызының ғылыми еңбектері қазақ қыздарына интеллектуалды, рухани бастауларды ашуға көмектеседі деп ойлаймыз. Профессор Тапанованың кешегі қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесіне, әйелдің қоғамдағы орнына арналған ізденістері әлі де өзектілігін азайтқан жоқ. Цифрлық әлемнің қазақтың руханият кеңістігіне төндіретін қауіптеріне қарсы тұрарлық ұлттық иммунитет те осындай ғылыми жұмыстардың негізінде жасалуы тиіс.

Қазақ поэзиясының төріне өр мінезімен найзағайдай жарқылмен кірген қайраткер апамыз Фариза Оңғарсынова өзінің өмірлік қағидасын, өмір философиясын:

«Жыр – менің планетам: бәрі осында

жиғаным, тергенім де,

сезінгенім, сүйгенім, сенгенім бе,

мінезім бе, болмыс па,

кермек үн бе – бәрі осында,

басқасы қалды құмда.

Міне, менің берерім бал ғұмырда,

жыр жаттаған қыздарға, барлық ұлға.

Менің барым, байлығым – осы, басқа

түгім де жоқ жасырған сандығымда», – деп бекітсе, профессор Тапанованың ғылыми, ұстаздық жолы, өмірлік миссиясын жан-жағына мейірім мен сәуле шашқан, шуағы мол өнегелік әрі даналық үлгілер деп айта аламыз. Жастық қайратын, білімі мен тәжірибесін, қуаты мен жігерін отбасына, ғылымға арнаған профессор Сәуле Есембекқызы Тапанованың өнегелі жолы осындай! Ұзағынан болсын деп тілейік!

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН СҮЙЕМЕЛДЕУГЕ БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘСЕРІ